## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҮКІМЕТІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

2017 жылғы 30 мамыр №311 Астана, Үкімет Үйі

### «Жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 19 қаңтардағы № 111 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 19 қаңтардағы № 111 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2012 ж., № 26, 363-құжат) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларында:

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарына түсуші адамдарды қабылдау сертификаттағы балдарға сәйкес конкурстық негізде олардың өтініштері бойынша жүзеге асырылады.

Сертификаттар ұлттық бірыңғай тестілеу (бұдан әрі – ҰБТ) немесе кешенді тестілеу (бұдан әрі – КТ) немесе эксперименттік алаң болып табылатын «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының білім беру бағдарламалары бойынша түлектердің оқудағы нәтижелерін сырттай бағалау нәтижелері бойынша, сондай-ақ тізбесін білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындаған жалпы білім беретін пәндер бойынша халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарының (ғылыми жарыстардың) 2014, 2015, 2016 жылдардағы жеңімпаздарына (бұдан әрі – халықаралық олимпиадалар мен конкурстардың жеңімпаздары) (бірінші, екінші және үшінші дәрежелі дипломдармен марапатталған) беріледі.

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының білім беру бағдарламалары бойынша түлектердің оқудағы нәтижелерін сырттай бағалау балдары ҰБТ сертификатының балдарына ауыстырылады, халықаралық олимпиадалар мен конкурстардың жеңімпаздарына білім беру саласындағы уәкілетті орган бекітетін шәкілге сәйкес қорытынды бағаларды балға ауыстыру негізінде ҰБТ сертификаты беріледі.

Білім беру грантын беру конкурсы «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабының 5) тармақшасына сәйкес бекітілген Жоғары білім алуға ақы төлеу үшін білім беру грантын беру ережелеріне сәйкес өткізіледі.».

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі**
**Б.САҒЫНТАЕВ**

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҮКІМЕТІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

2017 жылғы 2 маусым №334 Астана, Үкімет Үйі

### «Кредиторлар талаптары тізілімінің нысандарын, оны қалыптастыру қағидалары мен мерзімін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 2 шілдедегі № 762 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Кредиторлар талаптары тізілімінің нысандарын, оны қалыптастыру қағидалары мен мерзімін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 2 шілдедегі № 762 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2014 ж., № 45, 442-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) көрсетілген қаулымен бекітілген оңалту рәсіміндегі кредиторлар талаптары тізілімінің нысаны осы қаулыға қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

2) көрсетілген қаулымен бекітілген Кредиторлар талаптарының тізілімін қалыптастыру қағидалары мен мерзімінде:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Осы Кредиторлар талаптарының тізілімін қалыптастыру қағидалары мен мерзімі (бұдан әрі – Қағидалар) «Оңалту және банкроттық туралы» 2014 жылғы 7 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 72-бабының 7-тармағына және 88-бабы 3-тармағының 5) тармақшасына сәйкес әзірленді және оңалту рәсімін қолдану кезінде – уақытша әкімшінің және банкроттық туралы іс қозғалған кезде уақытша басқарушының кредиторлар талаптарының тізілімін (бұдан әрі – тізілім) қалыптастыру тәртібін айқындайды.

Заңның 71-бабы 2-тармағының 5) тармақшасына және 89-бабы 2-тармағының 9) тармақшасына сәйкес тізілімді жүргізуді оңалту рәсімін жүргізу кезінде – оңалтуды басқарушы және банкроттық рәсімін жүргізу кезінде банкроттықты басқарушы жүзеге асырады.»;

4 және 5-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Кредиторлардың борышкерге қоятын талаптары ерікті түрде жазбаша нысанда мәлімделуі тиіс және мыналар:

1) талаптың сомасы туралы (негізгі берешектің, сыйақының (мүдделің), тұрақсыздық айыбының және өзге де айыппұл санкцияларының, залалдардың сомасы туралы жеке-жеке) мәліметтер;

2) кредиторлар жиналысын өткізу туралы хабарландыру тәсілдерінің бірін көрсету қамтылуы қажет.

Талаптар, егер осы Қағидалардың 10-тармағының бірінші бөлігінде өзгеше белгіленбесе, кредиторлардың талаптарды мәлімдеу тәртібі туралы хабарлама жарияланған сәттен бастап бір айдан кешіктірілмейтін мерзімде мәлімделуі және хабарландыруда көрсетілген мекенжайға жіберілуі тиіс.

Кредитордың осы Қағидалардың 4-тармағының екінші бөлігінде белгіленген мерзімнен кешіктіріліп мәлімделген талабы уақытша әкімшіге немесе оңалтуды басқарушыға жолданады.

Өтінішке талаптың негізі мен сомасын растайтын құжаттардың көшірмелері (заңды күшіне енген сот шешімдері, шарттардың көшірмелері, борышкердің қарызын мойындауы) қоса беріледі, салыстырып тексеру үшін оның бір мезгілде құжаттардың түпнұсқалары ұсынылады.

Кредиторлар талаптың негізі мен сомасын растайтын өзге құжаттарды ұсынуға құқылы.

Кредиторлардың шетел валютасында көрсетілген талаптары сот оңалту рәсімін енгізу туралы шешім қабылдаған сәтте Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген бағам бойынша теңгемен ескеріледі.

Кредиторлар борышкерге берешек сомасын және осы сомаға тиесілі сыйақыны (мүдделі), борышкер тарапынан міндеттемелердің орындалмауынан немесе тиісінше орындалмауынан келтірілген залалдарды, тұрақсыздық айыбын (айыппұлдарды, өсімпұлдарды) қамтитын талаптарды қоюға құқылы.

Сыйақының (мүдделің), залалдардың, тұрақсыздық айыбының (айыппұлдардың, өсімпұлдардың) сомасы сот оңалту рәсімін енгізу туралы шешім қабылдаған күні айқындалады.

5. Өтініш пен оған қоса берілетін құжаттарды уақытша әкімші немесе оңалтуды басқарушы оларды алған күннен бастап он жұмыс күні ішінде қарайды.»;

10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«10. Кредиторлардың осы Қағидалардың 4-тармағының екінші бөлігінде белгіленген мерзімнен кешіктіріліп мәлімделген талабы танылған жағдайда тізілімге енгізіледі, бірақ мұндай кредитор бір ай мерзімде мәлімделген кредиторлар талаптары толық қанағаттандырылғанға дейін кредиторлар жиналысында дауыс беру құқығынан айырылады.

Осы Қағидалардың 5, 6, 7 және 8-тармақтарының талаптары, осы Қағидалардың 4-тармағының екінші бөлігінде белгіленген мерзімнен кешіктіріліп мәлімделген кредиторлардың талаптарын қарау кезінде оңалтуды басқарушыға қолданылады.»;

12-тармақ мынадай мазмұндағы төртінші бөлікпен толықтырылсын:

«Тізілімге өзгерістер мен толықтырулар енгізілген жағдайда, құжаттарға уақытша әкімші немесе оңалтуды басқарушы қол қояды, осы тармақта белгіленген тәртіппен бөлек қалыптастырылған істе ресімделеді және тігіледі.»;

13, 14 және 15-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«13. Борышкер әр парағын дәйектеген, қол қойған және оның мөрімен (бар болса) куәландырылған тізілімді:

1) уақытша әкімші – соттың оңалту рәсімін қолдану туралы шешімі заңды күшіне енген күннен бастап екі айдан кешіктірілмейтін мерзімде;

2) уақытша немесе оңалтуды басқарушы осы Қағидалардың 4-тармағының екінші бөлігінде белгіленген мерзімнен кешіктіріліп мәлімделген кредитор талаптарын таныған күннен бастап екі жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде қағаз және электрондық жеткізгіштерде уәкілетті органның интернет-ресурсында орналастыру үшін уәкілетті органның аумақтық бөлімшесіне жібереді.

14. Уәкілетті орган уақытша әкімші немесе оңалтуды басқарушы тізілімді ұсынған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде оны өзінің интернет-ресурсында орналастырады.

Егер ұсынылған тізілім бекітілген нысанға сәйкес келмесе не толық ақпаратты қамтымаса, уәкілетті органның аумақтық бөлімшесі тізілімді алған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде уақытша әкімшіге немесе оңалтуды басқарушыға жазбаша дәлелді ескертулер жібереді, ол алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде оларды жоюы қажет.

15. Тізілім уәкілетті органның интернет-ресурсында орналастырылған күннен бастап қалыптастырылды (өзгертілді немесе толықтырылды) деп есептеледі.»;

21 және 22-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«21. Кредиторлардың борышкерге қоятын талаптары ерікті түрде жазбаша нысанда мәлімделуі тиіс және мыналар:

1) талаптың сомасы туралы (негізгі берешектің, сыйақының (мүдделің), тұрақсыздық айыбының және өзге де айыппұл санкцияларының, залалдардың сомасы туралы жеке-жеке) мәліметтер;

2) кредиторлар жиналысын өткізу туралы хабарландыру тәсілдерінің бірін көрсету қамтылуы қажет.

Талаптар, егер осы Қағидалардың 27-тармағының бірінші бөлігінде өзгеше белгіленбесе, кредиторлардың талаптарды мәлімдеу тәртібі туралы хабарлама жарияланған сәттен бастап бір айдан кешіктірілмейтін мерзімде мәлімделуі және хабарландыруда көрсетілген мекенжайға жіберілуі тиіс.

Кредитордың осы Қағидалардың 21-тармағының екінші бөлігінде белгіленген мерзімнен кешіктіріліп мәлімделген талабы уақытша немесе банкроттықты басқарушыға жолданады.

Өтінішке талаптың негізі мен сомасын растайтын құжаттардың көшірмелері (заңды күшіне енген сот шешімдері, шарттардың көшірмелері, борышкердің қарызын мойындауы) қоса беріледі, салыстырып тексеру үшін оның бір мезгілде құжаттардың түпнұсқалары ұсынылады.

Кредиторлар талаптың негізі мен сомасын растайтын өзге құжаттарды ұсынуға құқылы.

Кредиторлардың шетел валютасында көрсетілген талаптары сот банкроттық рәсімін енгізу туралы шешім қабылдаған сәтте Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген бағам бойынша теңгемен ескеріледі.

Кредиторлар борышкерге берешек сомасын және осы сомаға тиесілі сыйақыны (мүдделі), борышкер тарапынан міндеттемелердің орындалмауынан немесе тиісінше орындалмауынан келтірілген залалдарды, тұрақсыздық айыбын (айыппұлдарды, өсімпұлдарды) қамтитын талаптарды қоюға құқылы.

Сыйақының (мүдделің), залалдардың, тұрақсыздық айыбының (айыппұлдардың, өсімпұлдардың) сомасы борышкерді банкрот деп тану туралы шешім қабылдаған күні айқындалады.

Егер кредиторлардың мәлімделген талаптары бойынша сыйақы (мүдде), тұрақсыздық айыбы және өзге де айыппұл санкциялары, залалдар есептелген болса, онда мұндай кредиторлар борышкер банкрот деп танылғаннан кейін күнтізбелік он бес күн ішінде сыйақының (мүдделің), тұрақсыздық айыбын және өзге де айыппұл санкцияларын, залалдарды ескере отырып, өзінің талаптарын қайтадан мәлімдейді.

22. Өтініш пен оған қоса берілетін құжаттарды уақытша басқарушы немесе банкроттықты басқарушы оларды алған күннен бастап он жұмыс күні ішінде қарайды.»;

25-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«25. Уақытша басқарушы таныған кредиторлардың талаптары тізілімге енгізіледі.

Осы Қағидалардың 21-тармағының талаптарына сай келетін өтініш болған кезде кредиторлардың бұрын сотқа мәлімдеген талаптары да тізілімге енгізіледі.»;

27-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«27. Кредитордың осы Қағидалардың 21-тармағының екінші бөлігінде белгіленген мерзімнен кешіктіріліп мәлімделген талабы танылған жағдайда тізілімге енгізіледі, бірақ мұндай кредитор бір ай мерзімде мәлімделген кредиторлар талаптары толық қанағаттандырылғанға дейін кредиторлар жиналысында дауыс беру құқығынан айырылады.

Осы Қағидалардың 22, 23, 24 және 25-тармақтарының талаптары осы Қағидалардың 21-тармағының екінші бөлігінде белгіленген мерзімнен кешіктіріліп мәлімделген кредиторлардың талаптарын қарау кезінде банкроттықты басқарушыға қолданылады.»;

29, 30 және 31-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«29. Тізілімнің әрбір кезегі бойынша уақытша басқарушы осы Қағидалардың 12-тармағының талаптарына сәйкес бөлек іс қалыптастырады.

Тізілімге өзгерістер мен толықтырулар енгізілген жағдайда, құжаттарға уақытша немесе банкроттықты басқарушы қол қояды, осы Қағидалардың 12-тармағында белгіленген тәртіппен бөлек қалыптастырылған істе ресімделеді және тігіледі.

30. Борышкер әр парағын дәйектеген, қол қойған және оның мөрімен (бар болса) куәландырылған тізілімді:

1) уақытша басқарушы – соттың борышкерді банкрот деп тану туралы шешімі шығарылған күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде;

2) уақытша немесе банкроттықты басқарушы осы Қағидалардың 21-тармағының екінші бөлігінде белгіленген мерзімнен кешіктіріліп мәлімделген кредитор талаптарын таныған күннен бастап екі жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде қағаз және электрондық жеткізгіштерде уәкілетті органның интернет-ресурсында орналастыру үшін уәкілетті органның аумақтық бөлімшесіне жібереді.

31. Уәкілетті орган уақытша немесе банкроттықты басқарушы тізілімді ұсынған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде оны өзінің интернет-ресурсында орналастырады.

Егер ұсынылған тізілім бекітілген нысанға сәйкес келмесе не толық ақпаратты қамтымаса, уәкілетті органның аумақтық бөлімшесі тізілімді алған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде уақытша немесе банкроттықты басқарушыға жазбаша дәлелді ескертулер жібереді, ол алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде оларды жоюы қажет.»;

мынадай мазмұндағы 31-2-тармақпен толықтырылсын:

«31-2. Тізілім уәкілетті органның интернет-ресурсында орналастырылған күннен бастап қалыптастырылды (өзгертілді немесе толықтырылды) деп есептеледі.».

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі**
**Б.САҒЫНТАЕВ**

*Қазақстан Республикасы Үкіметінің*
*2017 жылғы 2 маусымдағы №334 қаулысына қосымша*
*Қазақстан Республикасы Үкіметінің*
*2014 жылғы 2 шілдедегі №762 қаулысымен бекітілген*
*Нысан*

20 __ жылғы «____» _____
(кредиторлар талаптарының тізілімін уәкілетті органның интернет-ресурсында жариялау күні)

**Оңалту рәсіміндегі кредиторлар талаптарының тізілімі**

_____
(оңалтылатын борышкердің атауы)

| Р/с № | Кезек, кредитордың Т.А.Ә. (бар болса)/атауы | Кредитордың жеке сәйкестендіру нөмірі/бизнес сәйкестендіру нөмірі (ЖСН/БСН) | Қойылған талаптардың сомасы (теңге) | Әкімші қабылдаған шешімнің негізділігін растайтын құжаттар (атауы, күні, нөмірі), берешек туындаған күн |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| 1. | Бірінші кезек | | | |
| 1) | Тиісті мерзімдік төлемдерді капиталдандыру жолымен айқындалған, азаматтардың өмірі мен денсаулығына зиян келтіргені үшін олардың алдында борышкер жауапты болатын азаматтардың талаптары | | | |
| | Жиыны: | | | |
| 2) | Алименттерді өндіріп алу бойынша талаптар | | | |
| ... | | | | |
| | Жиыны: | | | |
| 3) | Еңбек шарты бойынша жұмыс істеген адамдарға борышкерде оңалту туралы іс жүргізу қозғалғанға дейін бір жыл алдындағы күнтізбелік он екі ай бұрын қалыптасқан орташа айлық жалақыдан асырылмай есептелген еңбекақы және өтемақылар төлеу бойынша талаптар | | | |
| ... | | | | |
| | Жиыны: | | | |
| 4) | Борышкерде оңалту туралы іс жүргізу қозғалғанға дейін бір жыл алдындағы күнтізбелік он екі ай бұрын қалыптасқан орташа айлық жалақы есебінен Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдар бойынша берешек | | | |
| ... | | | | |
| | Жиыны: | | | |
| 5) | Борышкерде оңалту туралы іс жүргізу қозғалғанға дейін бір жыл алдындағы күнтізбелік он екі ай бұрын қалыптасқан орташа айлық жалақы есебінен жалақыдан ұсталған міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары бойынша берешек | | | |
| ... | | | | |
| | Жиыны: | | | |
| 6) | Борышкерде оңалту туралы іс жүргізу қозғалғанға дейін бір жыл алдындағы күнтізбелік он екі ай бұрын қалыптасқан орташа айлық жалақы есебінен жалақыдан ұсталған табыс салығы бойынша берешек | | | |
| ... | | | | |
| | Жиыны: | | | |
| 7) | Авторлық шарттар бойынша сыйақылар төлеу бойынша талаптар | | | |
| | Жиыны: | | | |
| | Бірінші кезек бойынша жиыны: | | | |
| 2. | Екінші кезек | | | |
| 1) | Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес рәсімделген, борышкердің мүлік кепілімен қамтамасыз етілген міндеттемелер бойынша кредиторлардың талаптары | | | |
| ... | | | | |
| | Екінші кезек бойынша жиыны: | | | |
| 3. | Үшінші кезек | | | |
| 1) | Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша берешек | | | |
| ... | | | | |
| 2) | Борышкер салық есептілігіне сәйкес есептеген, салық қызметі органы өткен салық кезендері мен оңалту рәсімі қолданылған салық кезеңі үшін салықтық тексерулер нәтижелері бойынша есептеген салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеу бойынша берешек | | | |
| ... | | | | |
| | Үшінші кезек бойынша жиыны: | | | |
| 4. | Төртінші кезек | | | |
| 1) | Азаматтық-құқықтық және өзге де міндеттемелер бойынша кредиторлардың талаптары | | | |
| ... | | | | |
| | Жиыны: | | | |
| 2) | Кепілді өткізуден түскен сома мөлшерінен асатын кепілді кредиторлардың талаптары | | | |
| ... | | | | |
| | Жиыны: | | | |
| | Төртінші кезек бойынша жиыны: | | | |
| 5. | Бесінші кезек | | | |
| 1) | Залалдар, тұрақсыздық айыбы (айыппұлдар, өсімпұлдар) | | | |
| | | | | |
| | Жиыны: | | | |
| 2) | Еңбек қатынастары оңалту туралы іс бойынша іс жүргізу қозғалғанға дейін бір жылдан басталған уақыт кезеңі ішінде туындаған кредиторлардың борышкерде оңалту туралы іс бойынша іс жүргізу қозғалғанға дейін бір жыл алдындағы күнтізбелік он екі ай бұрын қалыптасқан орташа айлық жалақы мөлшерінен асатын еңбекақы және өтемақылар төлеу бойынша талаптары | | | |
| ... | | | | |
| | Жиыны: | | | |
| 3) | Оңалту туралы іс бойынша іс жүргізу қозғалғанға дейін бір жылдан бастап есептелген кезеңде қызметкердің жалақысын көтеру нәтижесінде қалыптасқан еңбекақы және өтемақылар төлеу бойынша кредиторлар талаптарының ұлғаю сомасы | | | |
| ... | | | | |
| | Жиыны: | | | |
| 4) | Талаптар қою мерзімі өткеннен кейін мәлімделген талаптар | | | |
| ... | | | | |
| | Бесінші кезек бойынша жиыны: | | | |
| | Тізілім бойынша жиыны: | | | |
| 6. | Танылмаған талаптар: | | | |
| ... | | | | |
| | Жиыны: | | | |

Әкімші _____ _____ _____
(борышкердің атауы/ Т.А.Ә. (бар болса)) (қолы) (Т.А.Ә. (бар болса))

М.О. (бар болса)

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІНІҢ БҰЙРЫҒЫ

2017 жылғы 5 мамыр №293 Астана қаласы

### «Мүлікті тәркілеу бөлігінде қылмыстық іс бойынша сот үкімі негізінде не мүлікті мемлекетке беру туралы шешім негізінде тыйым салынған мүлікті өткізу немесе пайдалану қағидасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 30 наурыздағы №227 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Мүлікті тәркілеу бөлігінде қылмыстық іс бойынша сот үкімі негізінде не мүлікті мемлекетке беру туралы шешім негізінде тыйым салынған мүлікті өткізу немесе пайдалану қағидасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 30 наурыздағы №227 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10813 болып тіркелген, 2015 жылғы 5 мамырда «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Мүлікті тәркілеу бөлігінде қылмыстық іс бойынша сот үкімі негізінде не мүлікті мемлекетке беру туралы шешім негізінде тыйым салынған мүлікті өткізу немесе пайдалану қағидасында:

2-тармақтың 12) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«12) комиссия – «Жекелеген негіздер бойынша мемлекет меншігіне айналдырылған (түскен) мүлікті есепке алудың, сақтаудың, бағалаудың және одан әрі пайдаланудың кейбір мәселелері» туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 26 шілдедегі № 833 қаулысымен бекітілген Жекелеген негіздер бойынша мемлекет меншігіне айналдырылған (түскен) мүлікті есепке алу, сақтау, бағалау және одан әрі пайдалану қағидаларына (бұдан әрі – Есепке алу қағидалары) сәйкес құрылған комиссия;»;

3 және 4-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Мүлікті одан әрі пайдалану, оның ішінде өткізу немесе беру үшін бағалау Есепке алу қағидаларында айқындалған тәртіппен жүргізіледі.

Уәкілетті орган немесе жергілікті атқарушы орган мүлікті есепке қабылдағаннан кейін мүлікке бағалау жүргізеді.

Уәкілетті орган немесе жергілікті атқарушы орган мүлікті бағалау туралы есептерді алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде мүлік жөніндегі деректерді тізілімге енгізуді қамтамасыз етеді.

Егер мүлік үлес меншігінде болған жағдайда тізілімге тек жекелеген негіздер бойынша мемлекет меншігіне айналдырылған (түскен) мүлік үлесі ғана енгізіледі.

4. Мүлікті одан әрі пайдалану туралы шешімді уәкілетті орган немесе жергілікті атқарушы орган қабылдайды.

Мынадай мүлік түрлерін: жануарлар, жануарлардан алынатын шикізаттар, алкоголь өнімдері, темекі және темекі өнімдері, сондай-ақ жойылуға жататын немесе меншік үлесіндегі мүлікті қоспағанда тізілімге енгізілетін мүлік оны сатуға дейін веб-портал арқылы мемлекеттік заңды тұлғаларға, оның ішінде әлеуметтік қызметтердің субъектілеріне олардың теңгеріміне беру үшін ұсынылуы тиіс.

Мемлекеттік заңды тұлғаларға ұсынғанға дейін уәкілетті орган немесе жергілікті атқарушы орган тізілімге мынадай құжаттардың:

1) мүліктің құнын бағалау туралы есептің;

2) жекелеген файлдармен енгізілетін мүліктің әрбір түрі бойынша суреттердің, ал жылжымайтын мүлік пен көлік құралы үшін әртүрлі жағынан түсірілген кемінде бес суреттің;

3) Есепке алу қағидаларының 6-тармағының 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында көрсетілген құжаттардың электрондық көшірмелерін тізілімге енгізуді қамтамасыз етеді.»;

26-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«26. Сауда-саттықта жеңген және сатып алу-сату шартын жасасқан қатысушының кепілдік жарнасы сатып алу-сату шарты бойынша тиесілі төлемдер есебіне жатқызылады.

Кепілдік жарна сомасы сату бағасынан асқан жағдайда сатушы жазбаша өтініш берген күннен бастап кемінде үш жұмыс күнінен кешіктірмей жеңімпазға айырмасы қайтарылады.»;

35-тармақтың алтыншы бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Егер мүлік екінші сауда-саттықта өткізілмеген болса, сауда ұйымдарының қызметтерін жеткізушілер болған жағдайда алғашқы бағадан елу пайыз мөлшеріндегі баға бойынша сауда ұйымына сатуға беріледі.»;

45-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«45. Сатып алу-сату шартына сауда-саттық нәтижелері туралы хаттамаға қол қойылған күннен бастап бес жұмыс күнінен аспайтын мерзімде тізілімнің веб-порталында ЭЦҚ пайдалана отырып сатушы мен жеңімпаз қол қояды. Шартта сауда-саттық нәтижелері туралы хаттамаға шартты жасасу негіздемесі ретінде сілтеме көрсетіледі.

Сатып алу-сату шартын сатушы қалыптастырады және сауда-саттық өткізілген күннен бастап екі жұмыс күнінен кешіктірмей жеңімпазға келісуге жібереді.»;

54-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«54. Аванстық немесе түпкілікті төлемнің мерзімі өткен жағдайда сатушы тиісінше хабарламадан кейін шартты бір жақты тәртіппен бұзады. Бұл ретте сатушы тізілімнің веб-порталында қалыптастырылатын сауда-саттық нәтижелерінің күшін жою туралы актіге қол қояды және осы мүлік сауда-саттыққа қайта шығарылады.»;

55-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«55. Мемлекет меншігіне айналдырылған бағалы қағаздарды қоспағанда, сатып алушыға мүлікті беру сатып алу-сату шарты бойынша сату бағасын сатып алушы толық төлегеннен кейін он жұмыс күні ішінде қабылдап алу-беру актісі бойынша жүргізіледі.

Қабылдап алу-беру актісі мемлекеттік және орыс тілдерінде екі данада (еркін нысанда) жасалады, қол қойылғаннан кейін сатушы екі жұмыс күні ішінде тізілімге енгізеді, оның біреуі сатушыда сақталады, ал екіншісі сатып алушыға беріледі.

Жеңімпаз белгіленген мерзімде қабылдап алу-беру актісіне қол қоймаған жағдайда сатушы тізілімнің веб-порталында қалыптастырылатын сауда-саттық нәтижелерінің күшін жою туралы актіге қол қояды және осы мүлік сауда-саттыққа қайта шығарылады.».

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті (Э.К. Өтепов) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмесінің Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және қосу үшін «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспа басылымдарына ресми жариялауға жіберілуін;

4) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының Қаржы министрі**
**Б.СҰЛТАНОВ**

**«КЕЛІСІЛДІ»**
**Қазақстан Республикасы Әділет министрі**
**_____ М.Бекетаев**
**2017 жылғы 22 мамыр**

**«КЕЛІСІЛДІ»**
**Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрі**
**_____ Т.Сүлейменов**
**2017 жылғы 17 мамыр**

***Бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 25 мамырда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне №15172 болып енгізілді.***

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІНІҢ БҰЙРЫҒЫ

2017 жылғы 30 мамыр №348 Астана қаласы

### Астана қаласында ЭКСПО-2017 халықаралық мамандандырылған көрмесін өткізуге байланысты ресми қатысушыларға арналған жеңілдіктер мен преференциялар туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Халықаралық көрмелер бюросы арасындағы Келісімге сәйкес жеңілдіктер мен преференцияларға құқығы бар тұлғалардың салық міндеттемелерін орындау қағидаларын бекіту туралы

«Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің (бұдан әрі – Салық кодексі) 26-бабының 3-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Астана қаласында ЭКСПО-2017 халықаралық мамандандырылған көрмесін өткізуге байланысты ресми қатысушыларға арналған жеңілдіктер мен преференциялар туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Халықаралық көрмелер бюросы арасындағы Келісімге сәйкес жеңілдіктер мен преференцияларға құқығы бар тұлғалардың салық міндеттемелерін орындау қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті (А.М.Теңгебаев) заңнамамен белгіленген тәртіпте:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмелерін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына ресми жариялануын және Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкіне қосу үшін жіберілуін;

3) осы бұйрықты мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялауға жолдануын;

4) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының Қаржы министрі**
**Б.СҰЛТАНОВ**

**«КЕЛІСІЛДІ»**
**Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрі**
**_____ Әбдірахманов Қ.Қ.**
**30 мамыр 2017 жыл**

*Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің*
*2017 жылғы 30 мамырдағы №348 бұйрығына қосымша*

**Астана қаласында ЭКСПО-2017 халықаралық мамандандырылған көрмесін өткізуге байланысты ресми қатысушыларға арналған жеңілдіктер мен преференциялар туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Халықаралық көрмелер бюросы арасындағы Келісімге сәйкес жеңілдіктер мен преференцияларға құқығы бар тұлғалардың салық міндеттемелерін орындау қағидалары**

**1 тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Астана қаласында ЭКСПО-2017 халықаралық мамандандырылған көрмесін өткізуге байланысты ресми қатысушыларға арналған жеңілдіктер мен преференциялар туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Халықаралық көрмелер бюросы арасындағы Келісімге сәйкес жеңілдіктер мен преференцияларға құқығы бар тұлғалардың салық міндеттемелерін орындау қағидалары (бұдан әрі – Қағида) «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» (Салық кодексі) 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Кодексі 26-бабының 3-тармағына сәйкес әзірленді және мыналарды:

1) мемлекеттік кірістер органында тіркеу есебіне қою тәртібін;

2) салық есептілігін табыс ету нысанын, мерзімін, тәртібін;

3) бақылау-кассалық машиналардың қолдану тәртібін;

4) қосылған құн салығын (бұдан әрі - ҚҚС) қайтару мерзімін;

5) қызметін тоқтатқан кезде салық төлеушілерді мемлекеттік деректер базасынан алып тастауын айқындайды.

2. Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар мен қысқартулар пайдаланылады:

1) аккредиттелген құжат – Астана қаласында ЭКСПО-2017 халықаралық мамандандырылған көрмеге қатысу мақсатында тұлғаны аккредиттеу туралы Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің жазбаша растауы;

2) бақылау-касса машиналары – деректерді тіркеу және (немесе) беру функциясы бар электрондық құрылғы, тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өткізу кезінде жүзеге асырылатын ақшалай есеп айырысулар туралы ақпаратты тіркеуді және көрсетуді қамтамасыз ететін аппараттық-бағдарламалық кешендер;

3) Бірыңғай қызмет көрсету орталығы – Астана қаласында ЭКСПО-2017 халықаралық мамандандырылған көрмесінің аумағында орналасқан тәулік бойғы негізде «бір терезе» қағидаты бойынша жұмыс істейтін мемлекеттік және өзге

(Соңы. Басы 13-бетте)

орындаушыға үлестіру үшін көрсетілетін қызметті берушінің басшысына бір жұмыс күннің ішінде береді;

2) Стандарттың 9-тармағында көрсетілген құжаттар мемлекеттік қызметтер және аккредитация мен лицензиялау саласындағы бақылау басқармасына бір жұмыс күннің ішінде үлестіріледі;

3) орындаушы Стандарттың 9-тармағында көрсетілген құжаттарды он алты жұмыс күннің ішінде қарайды және күәлік беру туралы қорытынды мен бұйрықты дайындайды;

4) қорытынды мен бұйрық көрсетілетін қызметті берушінің мемлекеттік қызметтер және аккредитация мен лицензиялау саласындағы бақылау басқармасының басшысымен, заң қызметі басқармасының басшысымен келіседі, көрсетілетін қызметті берушінің басшысы оны бекітеді. Бұйрық дайындалады және көрсетілетін қызметті берушінің құжат айналым бойынша басқармасының қызметкері оны тіркейді. Орындаушы порталда электронды түрдегі куәлікті шығарады және оған қызмет беруші басшысының ЭЦҚ-мен екі жұмыс күннің ішінде қол қойылады.

куәлікті қайта ресімдеу үшін:

1) көрсетілетін қызметті берушінің құжат айналым бойынша басқармасының қызметкері Стандарттың 9-тармағында көрсетілген құжаттарды қабылдайды және кейіннен орындаушыға үлестіру үшін көрсетілетін қызметті берушінің басшысына бір жұмыс күннің ішінде береді;

2) орындаушы қайта ресімдеу туралы дайындаған қорытынды мен бұйрықты көрсетілетін қызметті берушінің мемлекеттік қызметтер және аккредитация мен лицензиялау саласындағы бақылау басқармасының басшысымен, заң қызметі басқармасының басшысымен келіседі және тіркеу нөмірі беріле отырып, бір жұмыс күннің ішінде қызмет берушінің басшысы бекітеді;

3) қайта ресімдеу туралы бұйрықтың негізінде порталда электронды түрдегі куәлік жасалады және қызмет беруші басшысының ЭЦҚ-мен бір жұмыс күннің ішінде қол қойылады;

куәліктің телнұсқасын беру үшін:

1) Стандарттың 9-тармағында көрсетілген құжаттарды көрсетілетін қызметті берушінің құжат айналым бойынша басқармасының қызметкері қабылдайды және бір жұмыс күннің ішінде қызмет берушінің басшысына кейіннен орындаушыға үлестіру үшін береді;

2) орындаушы Стандарттың 9-тармағында көрсетілген құжаттарды қарайды, куәлік басып шығарады, көрсетілетін қызметті беруші басшысының қолымен және көрсетілетін қызмет берушінің мөрімен растайды. Бір жұмыс күннің ішінде куәліктің телнұсқасы беріледі.

**4. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету процесінде ақпараттық жүйелерді пайдалану тәртібін сипаттау**

8. Портал арқылы мемлекеттік қызметті көрсету кезінде өтініш беру және көрсетілетін қызметті берушінің жүгіну және рәсімдерінің (іс-қимылдардың) реттілігі тәртібін сипаттау:

1) Стандарттың 9-тармағында көрсетілген портал арқылы ұсынылған құжаттары қызмет берушінің құжат айналым бойынша басқармасының қызметкері қабылдайды және орындаушыға үлестіреді;

2) орындаушы Стандарттың 9-тармағында көрсетілген құжаттары қарайды және мемлекеттік қызметті көрсету туралы қорытынды мен бұйрықты көрсетілетін қызметті берушінің мемлекеттік қызметтер және аккредитация мен лицензиялау саласындағы бақылау басқармасының басшысымен, заң қызметі басқармасының басшысымен келіседі және қызмет берушінің басшысы бекітеді. Құжат айналым бойынша басқармасының қызметкері мемлекеттік қызметті көрсету туралы бұйрықты тіркейді;

4) орындаушы порталда мемлекеттік қызметті көрсету туралы шешімнің жобасын жасайды, оны көрсетілетін қызметті берушінің мемлекеттік қызметтер және аккредитация мен лицензиялау саласындағы бақылау басқармасының басшысымен, заң қызметі басқармасының басшысымен келіседі және оған қызмет берушінің басшысы қол қояды.

«Электрондық үкімет» порталы арқылы мемлекеттік қызметті көрсету кезіндегі функционалдық өзара іс-қимыл диаграммасы осы Регламентке қосымшада сипатталған.

*«Бухгалтерлерді кәсіби сертификаттау туралы куәлік беру» мемлекеттік қызмет регламентіне қосымша*

**«Электрондық үкімет» веб-порталы арқылы мемлекеттік қызметті көрсету кезіндегі функционалдық өзара іс-қимыл диаграммасы**



*Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің*
*2016 жылғы 18 ақпандағы №72 бұйрығына 2-қосымша*
*Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің*
*2015 жылғы 2 шілдедегі № 394 бұйрығына 2- қосымша*

**«Бухгалтерлерді кәсіби сертификаттау жөніндегі ұйымын аккредиттеу туралы куәлік беру» мемлекеттік қызмет регламенті**

**1. Жалпы ережелер**

1.«Бухгалтерлерді кәсіби сертификаттау жөніндегі ұйымды аккредиттеу туралы куәлік беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қаржылық бақылау комитеті (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Нормативтік құқықтық актілері тізілімінде №11362 болып тіркелген «Бухгалтерлік есеп пен аудит саласында мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 24 сәуірдегі №280 бұйрығымен бекітілген «Бухгалтерлердің кәсіби ұйымын аккредиттеу туралы куәлік беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының (бұдан әрі - Стандарт) 9- тармағында көрсетілген құжаттарды қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету www.e.gov.kz «электрондық үкімет», www.elicense.kz веб-порталдары (бұдан әрі -портал) арқылы жүзеге асырылады.

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету нысаны: жартылай автоматтандырылған.

3. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі бухгалтерлердің кәсіби ұйымын аккредиттеу туралы куәлік беру, куәлікті қайта ресімдеу немесе куәліктің телнұсқаларын беру (бұдан әрі - куәлік) болып табылады.

**2. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көрсетілетін қызметті беруші құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлердің) іс-қимыл тәртібін сипаттау**

4. Стандарттың 9-тармағында көрсетілген құжаттары ұсыну мемлекеттік қызмет көрсету бойынша рәсімдерді (іс-қимылды) бастау үшін негіз болып табылады.

5. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің құрамына кіретін рәсімдер (іс-қимыл) мазмұны: куәлік беру кезінде:

1) Стандарттың 9-тармағында көрсетілген құжаттары қабылдауды, оларды қызмет берушінің басшылығына үлестіру үшін беруді қызмет берушінің құжат айналымы бойынша басқарманың қызметкері жүзеге асырады – бір жұмыс күннің ішінде;

Рәсімнің нәтижесі – құжаттары қабылдау;

2) орындаушы Стандарттың 9-тармағында көрсетілген құжаттары қарайды, көрсетілетін қызметті берушінің мемлекеттік қызметтер және аккредиттеу мен лицензиялау саласындағы басқарма басшысымен, заң қызметінің басшысымен Стандарттың 9-тармағында көрсетілген құжаттардың сәйкестігі туралы қорытындысы (бұдан әрі - қорытынды), куәлік беру туралы бұйрықты дайындау және келісу, сондай-ақ оларды қызмет берушінің басшылығымен бекіту және тіркеу–үш жұмыс күннің ішінде;

Рәсімнің нәтижесі – куәлік беру туралы қорытынды және бұйрық;

3) куәлік беру– бір жұмыс күннің ішінде.

Рәсімнің нәтижесі – куәлік.

Куәлікті қайта ресімдеу үшін:

1) Стандарттың 9-тармағында көрсетілген құжаттары қабылдауды, оларды қызмет берушінің басшылығына үлестіру үшін беруді қызмет берушінің құжат айналымы бойынша басқарманың қызметкері жүзеге асырады – бір жұмыс күннің ішінде

Рәсімнің нәтижесі – құжаттары қабылдау;

2) орындаушы Стандарттың 9-тармағында көрсетілген құжаттары қарайды, көрсетілетін қызметті берушінің мемлекеттік қызметтер және аккредиттеу мен лицензиялау саласындағы басқарма басшысымен, заң қызметінің басшысымен Стандарттың 9-тармағында көрсетілген құжаттардың сәйкестігі туралы қорытындысы (бұдан әрі - қорытынды), куәлікті қайта ресімдеу туралы бұйрықты дайындау және келісу, сондай-ақ оларды қызмет берушінің басшылығымен бекіту және тіркеу – бір жұмыс күннің ішінде;

Рәсімнің нәтижесі – қорытынды және бұйрық.

3) қайта ресімделген куәлік беру – бір жұмыс күннің ішінде.

Рәсімнің нәтижесі –куәлік.

куәліктің телнұсқасын беру үшін:

1) Стандарттың 9-тармағында көрсетілген құжаттары қабылдауды, оларды қызмет берушінің басшылығына үлестіру үшін беруді қызмет берушінің құжат айналымы бойынша басқарманың қызметкері жүзеге асырады – бір жұмыс күннің ішінде

Рәсімнің нәтижесі – құжаттары қабылдау;

2) орындаушы құжаттары қарайды, көрсетілетін қызметті берушінің мемлекеттік қызметтер және аккредиттеу мен лицензиялау саласындағы басқарма басшысымен, заң қызметінің басшысымен Стандарттың 9-тармағында көрсетілген құжаттардың сәйкестігі туралы қорытындысы (бұдан әрі - қорытынды), куәлікті қайта ресімдеу туралы бұйрықты дайындау және келісу, сондай-ақ оларды қызмет берушінің басшылығымен бекіту және тіркеу – бір жұмыс күннің ішінде;

Рәсімнің нәтижесі – қорытынды және бұйрық.

3) қайта ресімделген куәлік беру – бір жұмыс күннің ішінде.

Рәсімнің нәтижесі –куәлік.

куәліктің телнұсқасын беру үшін:

1) Стандарттың 9-тармағында көрсетілген құжаттары қабылдауды, оларды қызмет берушінің басшылығына үлестіру үшін беруді қызмет берушінің құжат айналымы бойынша басқарманың қызметкері жүзеге асырады – бір жұмыс күннің ішінде

Рәсімнің нәтижесі – құжаттары қабылдау;

2) орындаушы құжаттары қарайды, көрсетілетін қызметті берушінің мемлекеттік қызметтер және аккредиттеу мен лицензиялау саласындағы басқарма басшысымен, заң қызметінің басшысымен Стандарттың 9-тармағында көрсетілген құжаттардың сәйкестігі туралы қорытындысы (бұдан әрі - қорытынды), куәлікті қайта ресімдеу туралы бұйрықты дайындау және келісу, сондай-ақ оларды қызмет берушінің басшылығымен бекіту және тіркеу – бір жұмыс күннің ішінде;

Рәсімнің нәтижесі – қорытынды және бұйрық.

3) қайта ресімделген куәлік беру – бір жұмыс күннің ішінде.

Рәсімнің нәтижесі –куәлік.

куәліктің телнұсқасын беру үшін:

1) Стандарттың 9-тармағында көрсетілген құжаттары қабылдауды, оларды қызмет берушінің басшылығына үлестіру үшін беруді қызмет берушінің құжат айналымы бойынша басқарманың қызметкері жүзеге асырады – бір жұмыс күннің ішінде

Рәсімнің нәтижесі –құжаттары қабылдау;

2) орындаушы Стандарттың 9-тармағында көрсетілген құжаттары қарайды, көрсетілетін қызметті берушінің мемлекеттік қызметтер және аккредиттеу мен лицензиялау саласындағы басқарма басшысымен, заң қызметінің басшысымен Стандарттың 9-тармағында көрсетілген құжаттардың сәйкестігі туралы қорытындысы (бұдан әрі - қорытынды), куәлікті қайта ресімдеу туралы бұйрықты дайындау және келісу, сондай-ақ оларды қызмет берушінің басшылығымен бекіту және тіркеу – бір жұмыс күннің ішінде;

Рәсімнің нәтижесі – қорытынды және бұйрық.

3) қайта ресімделген куәлік беру – бір жұмыс күннің ішінде.

Рәсімнің нәтижесі –куәлік.

куәліктің телнұсқасын беру үшін:

1) Стандарттың 9-тармағында көрсетілген құжаттары қабылдауды, оларды қызмет берушінің басшылығына үлестіру үшін беруді қызмет берушінің құжат айналымы бойынша басқарманың қызметкері жүзеге асырады – бір жұмыс күннің ішінде

Рәсімнің нәтижесі –құжаттары қабылдау;

2) орындаушы Стандарттың 9-тармағында көрсетілген құжаттары қарайды, көрсетілетін қызметті берушінің мемлекеттік қызметтер және аккредиттеу мен лицензиялау саласындағы басқарма басшысымен, заң қызметінің басшысымен Стандарттың 9-тармағында көрсетілген құжаттардың сәйкестігі туралы қорытындысы (бұдан әрі - қорытынды), куәлікті қайта ресімдеу туралы бұйрықты дайындау және келісу, сондай-ақ оларды қызмет берушінің басшылығымен бекіту және тіркеу – бір жұмыс күннің ішінде

(Жалғасы. Басы 14-бетте)

сметасы (бюджеті) есебінен қамтылған Қазақстан Республикасы органдары қызметкерлеріне еңбекақы төлеудің бірыңғай жүйесі туралы» № 1284 Жарлығына сәйкес өкімшілік мемлекеттік қызметшілердің, судьялардың, алыс және таяу шет елдердегі Қазақстан Республикасының Төтенше және Өкілетті Елшілерінің, Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің шет елдердегі мекемелері қызметкерлерінің, әскери қызметшілердің, құқық қорғау органдары, Ішкі істер министрлігінің мемлекеттік өртке қарсы қызметі мен прокуратура органдары қызметкерлерінің қосымша ақшалай төлемдері: жоспары бойынша мемлекеттік орган басшысының шешімімен белгіленген лауазымдық қызметақыларға үстемеақылар; жасалған келісімшарттың мерзіміне байланысты солдаттар (матростар), сержанттар (старшиналар) лауазымына келісімшарт бойынша әскери қызметке алғаш кіріскен азаматтарға біржолғы ақшалай сыйақыны; мемлекеттік органдардың орталық аппараттары өкімшілік мемлекеттік қызметшілеріне сыйлық, функцияларына халықаралық арбитражды және шетел соттарында мемлекет мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету жататын мемлекеттік кірістер органдарының қызметкерлеріне және Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің құрылымдық бөлімшелерінің қызметкерлеріне сыйлық есептеуге арналған.

19. 01-113-нысаны (18-қосымша) бойынша шығыстар көлемін айқындау үшін жасалады.

Бұл нысан № 1284 Жарлықа және № 1193 қаулыға сәйкес мемлекеттік және азаматтық қызметшілерді сауықтыруға арналған жәрдемақыларды төлеу шығыстарын есептеуге, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өтемақылық төлемдер мен біржолғы жәрдемақыларға арналған шығыстарды есептеуге арналған.»;

мынадай мазмұндағы 23-1-тармақпен толықтырылсын:

«23-1. 01-124-нысан (22-1-қосымша) Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдарды төлеуге шығыстарды есептеуге арналған.

Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдар сомасын есептеу кезінде «Міндетті медициналық сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 6 қарашадағы Заңын басшылыққа алу қажет.»;

27-тармақты мынадай редакцияда жазылсын:

«27. 01-141, 02-141, 03-141 және 04-141-нысандары (26-29-қосымшалар) 141 «Тамақ өнімдерін сатып алу» ерекшелігі бойынша шығыстарды есептеуге арналған.

01-141-нысаны (26-қосымша) ішкі істер, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметі, экономикалық тергеу қызметі органдарының, қылмыстық-атқару жүйесінің органдарының, мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарының қызметкерлері, денсаулық сақтау және ветеринария мекемелерін, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі, қоспағанда, тамақтануға арналған шығыстарды есептеу үшін мемлекеттік білім беру және әлеуметтік қорғау мекемелері толтырады. Осы нысан бойынша есепті жасаған кезде Бюджет кодексінің 69-бабына сәйкес бекітілген мемлекеттік денсаулық және әлеуметтік қорғау мекемелері үшін тамақтану нормаларын басшылыққа алу керек.

02-141-нысаны (27-қосымша) әскери қызметшілерге, ішкі істер органдары, қылмыстық-атқару жүйесі, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметі, экономикалық тергеу қызметі қызметкерлеріне, кәсіптік апаттан-құтқару құрылымдарының құтқарушыларына, әскери және арнайы оқу орындарының курсанттарына, әскери мектеп-интернаттарының тәрбиеленушілеріне тамақ өнімдерін сатып алуға арналған шығыстарды есептеу үшін мемлекеттік мекемелер толтырады. Осы нысан бойынша есепті жасаған кезде Бюджет кодексінің 69-бабына сәйкес бекітілген заттай нормаларды басшылыққа алуға керек.

03-141-нысанды (28-қосымша) мемлекеттік ветеринариялық мекемелер толтырады. Осы есептеуді жасаған кезде жануарларға арналған тамақтану нормаларын басшылыққа алған жөн.

04-141-нысаны (29-қосымша) денсаулық сақтау мекемелерінде тамаққа арналған шығыстарды есептеу үшін жасалады. Осы есептеуді жасаған кезде тамақтанудың заттай нормаларын басшылыққа алған жөн.»;

29 және 30-тармақтарды мынадай редакцияда жазылсын:

«29. 01-143-нысаны (33-қосымша) Заттай мүліктер мен басқа да нысандық және арнайы киімдерді сатып алу, тігу және жөндеу бойынша шығыстарды есептеу үшін толтырылады.

33-қосымша бойынша әскери қызметшілер, ішкі істер органдарының, қылмыстық-атқару жүйесінің, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметі, экономикалық тергеу қызметінің қызметкерлері, кәсіби авариялық-құтқару құрылымдарының құтқарушылары, мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарының қызметкерлері, әскери және арналған оқу орындарының курсанттары, әскери мектеп-интернаттардың тәрбиеленушілері үшін мүліктік керек-жарақ заттарын сатып алуға, тігуге және жөндеуге, кеден қызметінің, прокуратура органдарының қызметшілері, судьялар, сот приставтары үшін арнайы және пішімдік киім-кешектерге, мемлекеттік орман күзетінің және ан шаруашылығы, өсімдік карантині бойынша мемлекеттік фитосанитарлық қызметтің және мемлекеттік шекарада және көлікте малдәрігерлік қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік малдәрігерлік қызметтің қызметкерлері үшін пішімдік киім-кешекке арналған шығыстарды есептеу үшін толтырылады.

Осы нысан бойынша есепті жасаған кезде заттай мүлік, 1 алушыға ақша түріндебір жылғы тозуын ескере отырып.басқа нысандық және арнайы киімнені нормаларын басшылыққа алған жөн.

30. 01-144-нысан (34-қосымша) жанар-жағармай материалдарына мемлекетті органдардың шығындарын есептеуге арналған.

01-144-нысан бойынша шығыстарды есептеу кезінде Бюджет кодексінің 69-бабына сәйкес бекітілген қызметтік, кезекші және арнайы автомобильдердің тиесілік нормалары және жанар-жағармай материалдары шығыстарының және автокөліктің күтіп ұстауға шығыстардың нормаларын басшылыққа алу керек.

Автокөлік үшін жағармай материалдары сатып алу шығыстарын есептеу үшін жасалады.

02-144-нысан (35-қосымша) дербес жылыту жүйесі бар мемлекеттік мекемелердің ғимараттарын, үй-жайларын жылыту үшін қатты және сұйық отынды сатып алу шығыстарын есептеу үшін жасалады.»;

32-тармақты мынадай редакцияда жазылсын:

«32. 01-151, 02-151, 03-151, 04-151 (39-42 қосымшалары) нысандар коммуналдық қызметтерді (су, газ, электр энергиясы және жылыту) төлеу үшін жоспарлы кезеңге арналған бюджет қаражатынын көлемін айқындау үшін жасалады.

Егер мемлекеттік мекеме бір бюджет деңгейі есебінен ұсталатын басқа мемлекеттік мекеменің үй-жайларында орналасқан жағдайда, бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің коммуналдық қызметтерді төлеуге арналған шығыстары осы үй-жайдың теңгерімдік ұстаушысында жоспарлануы мүмкін.

Аталған нысандар бойынша есептеулерді жасаған кезде бюджет қаражатынан қаржыландырылатын үйымдар бойынша электр энергиясын, жылытуға жылуды, ыстық және суық суды және басқа да коммуналдық қызмет көрсетулерді тұтыну нормаларын басшылыққа алу керек.

01-151, 02-151 және 03-151 нысандарының 5-бағанында (39-42-қосымшалар) су, электр энергиясын, жылуды, газды тұтыну нормалары белгіленген қуаттылық бірлігінің саны көрсетіледі.

01-151-нысанды (39-қосымша) ыстық және суық суға, көріз бен газға арналған шығыстарды есептеу үшін мемлекеттік мекемелер толтырады.

Газға арналған шығыстарды есептеу кезінде оны тасымалдауға арналған шығыстар есепке алынады.

02-151-нысанды (40-қосымша) жетілдірілген жабындарды және жасыл желекті екпелерді суаруға арналған су шығыстарын, объектілердің аумақтарын есептеу үшін мемлекеттік мекемелер толтырады.

03-151-нысанды (41-қосымша) мемлекеттік мекемелер электр энергиясын төлеу жөніндегі шығыстарды есептеу үшін толтырады.

04-151-нысанды (42-қосымша) мемлекеттік мекемелер орталық жылу жүйесі бар мемлекеттік мекемелер үшін гимараттарды, үй-жайларды жылытуға арналған шығыстарды есептеу үшін толтырады.

Осы нысан мемлекеттік мекемелердің ғимараттары мен үй-жайларын газбен жылытуға шығыстарды есептеу үшін толтырылады. Газға арналған шығыстарды есептеу кезінде оны тасымалдауға арналған шығыстар есепке алынады.»;

36-тармақты мынадай редакцияда жазылсын:

«36. 01-159, 02-159-нысандар (46 және 47-қосымшалар) 159 «Өзге де қызметтер мен жұмыстар» ерекшелігі бойынша шығыстарды есептеуге арналған.

01-159-нысаны (46-қосымша) ғимараттар, орын-жайларды жабдықтарды және басқа негізгі құралдарды ұстау бойынша шығыстар есебіне арналған. Жоспарланған шығыстарды негіздеу үшін ағымдағы қаржы жылына арналған қызметтер көрсету, жұмыстар туралы шарттардың көшірмелері беріледі, шарттар болмаған жағдайда сатып алынатын қызметтер мен жұмыстардың әрбір түрі бойынша кем дегенде үш прайс-парақтары, ағымдағы қаржы жылына ағымдағы жөндеу бойынша дефекті актісі мен сметалық құжаттама қоса беріледі. Ағымдағы жөндеу кезінде орындалатын жұмыстар тізбесін жасаған кезде «Бюджет қаражатынан қаржыландырылатын ұйымдар бойынша электр энергиясын, жылуды, ыстық және суық суды және басқа да коммуналдық қызмет көрсетулерді тұтынудың нормативтері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 2 қарашадағы № 1118 қаулысын басшылыққа алған жөн, онда гимараттарды ағымдағы және күрделі жөндеу кезінде орындалатын жұмыстардың тізбесі көзделген.

концессия объектісі – концессия шарты бойынша құрылатын (реконструкцияланатын) және пайдаланылатын, тізбеге енгізілген әлеуметтік инфрақұрылым мен тіршілікті қамтамасыз ету объектілері;

республикалық меншікке билік ету құқығын жүзеге асыру жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган – экономиканың стратегиялық маңызы бар салаларында (аясында) республикалық меншік объектілерін басқару, меншікті жекешелендіру және оның мемлекеттік мониторингі саласында өз құзыреті шегінде арнайы атқару және бақылау функцияларын жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

тиісті саланың уәкілетті мемлекеттік органы – мемлекеттік басқарудың тиісті саласына (аясына) басшылықты жүзеге асыратын орталық атқарушы орган.»;

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Концессионер мемлекеттік меншікке қабылдауға жататын концессия объектісін құрған (салған) сәттен бастап отыз жұмыс күні ішінде немесе концессия шартында көзделген мерзімде тиісті саланың уәкілетті мемлекеттік органына – республикалық меншікке жататын концессия объектілеріне қатысты немесе облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдарына – коммуналдық меншікке жататын концессия объектілеріне қатысты мемлекеттік меншікке концессия объектісін қабылдау туралы өтініш жасайды және құжаттарды осы Қағидалардың қосымшасында келтірілген концессия объектілерін мемлекеттік меншікке қабылдау үшін концессионер мемлекеттік органға ұсынатын құжаттардың тізбесіне сәйкес ұсынады.»;

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтіні өзгермейді:

«8. Осы Қағидалардың 7-тармағында көзделген шешім қабылданғаннан кейін концессионер мен мемлекеттік меншікке қабылдауға жататын концессия объектісі бекітілп берілетін мемлекеттік заңды тұлға, сондай-ақ мемлекеттік меншікке билік ету құқығын жүзеге асыру жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган немесе облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары күнтізбелік 15 күннен аспайтын мерзімде мемлекеттік меншікке қабылдауға жататын концессия объектісін қабылдап алу-беру актісін ресімдейді.»;

Концессия объектілерін мемлекеттік меншікке қабылдау қағидаларына қосымша осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті (Э.К. Өтепов) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кей

(Соңы. Басы 21-бетте)

қолма-қол ақшасының бақылау шоты арасында бөлу кестесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 18 қыркүйектегі № 404 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9760 болып тіркелген, «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2014 жылғы 15 қазанда жарияланған) бұйрығына:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Бюджет түсімдерін бюджеттер деңгейлері мен Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қолма-қол ақшасының бақылау шоты арасында бөлу кестесінде:

2 «Салықтық емес түсімдер» санатында:

04 «Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар» сыныбында:

1 «Мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар» кіші сыныбында:

мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

«

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі, республикалық бюджеттен қаржыландырылатын оның аумақтық бөлімшелері салатын әкімшілік айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар | 2 | 04 | 1 | 66 | 100 | | | | |

».

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бюджет заңнамасы департаменті (З.А. Ерназарова) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он күнтізбелік күн ішінде оның мерзімді баспасөз басылымдарында және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберілуін;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркелгеннен кейін он күнтізбелік күн ішінде Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне орналастыру үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

4) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының Қаржы министрі**
**Б.СҰЛТАНОВ**

***Бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылғы 5 қазанда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне №14288 болып енгізілді.***

---

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІНІҢ БҰЙРЫҒЫ

2016 жылғы 10 қазан №541 Астана қаласы

## «Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасының кейбір мәселелері» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 18 қыркүйектегі № 403 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасының кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 18 қыркүйектегі № 403 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9756 болып тіркелген, «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2014 жылғы 17 қазанда жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасында:

бюджет шығыстарының функционалдық сыныптамасында:

01 «Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер» функционалдық тобында:

1 «Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар» функционалдық кіші тобында:

694 «Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы» бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бойынша:

мынадай мазмұндағы 009 бюджеттік бағдарламамен толықтырылсын:

«009 Мемлекеттік органдар үшін автомашиналар паркін жаңарту»;

9 «Жалпы сипаттағы өзге де мемлекеттік қызметтер» функционалдық кіші тобында:

217 «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі» бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бойынша:

001 «Бюджеттік жоспарлау, мемлекеттік бюджеттің атқарылуын және орындалуын қамтамасыз ету және экономикалық және қаржылық қылмыстар мен құқық бұзушылықтарға қарсы іс-қимыл жөніндегі қызметтер» бюджеттік бағдарлама бойынша:

мынадай мазмұндағы 103 бюджеттік кіші бағдарламамен толықтырылсын:

«103 Социологиялық, талдамалық зерттеулер жүргізу және консалтингтік қызметтер көрсету»;

03 «Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі» функционалдық тобында:

1 «Құқық қорғау қызметі» функционалдық кіші тобында:

201 «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі» бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бойынша:

076 «Қоғамдық тәртіпті сақтау және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету» бюджеттік бағдарлама бойынша:

мынадай мазмұндағы 120 бюджеттік кіші бағдарламамен толықтырылсын:

«120 Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне ішкі істер органдарының әкімшілік полиция қызметкерлерін оқытуға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер»;

9 «Қоғамдық тәртіп және қауіпсіздік саласындағы басқа да қызметтер» функционалдық кіші тобында:

221 «Қазақстан Республикасы Өділет министрлігі» бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бойынша:

001 «Мемлекет қызметін құқықтық қамтамасыз ету» бюджеттік бағдарлама бойынша:

мынадай мазмұндағы 102 бюджеттік кіші бағдарламамен толықтырылсын:

«102 Жеке сот орындаушыларының істердің әлеуметтік маңызды санаттары бойынша проблемалы атқарушылық құжаттарды орындау бойынша кепілді заң көмегін көрсетуі»;

04 «Білім беру» функционалдық тобында:

2 «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру» функционалдық кіші тобында:

225 «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі» бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бойынша:

099 «Сапалы мектеп біліміне қолжетімділікті қамтамасыз ету» бюджеттік бағдарлама бойынша:

мынадай мазмұндағы 115 және 116 бюджеттік кіші бағдарламалармен толықтырылсын:

«115 Шығыс Қазақстан облысының бюджетіне қылмыстық жауапкершілік туындайтын жасқа дейін қылмыстық-жазаланатын іс әрекет жасаған, кәмелетке толмағандарды ұстау үшін арнайы білім беру ұйымдарының қызметін қамтамасыз етуге ағымдағы нысаналы трансферттер

116 Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне цифрлық білім беру инфрақұрылымын құруға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер»;

261 «Облыстың білім басқармасы» бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бойынша:

мынадай мазмұндағы 011 және 015 кіші бағдарламалары бар 069 бюджеттік бағдарламамен толықтырылсын:

«069 Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне цифрлық білім беру инфрақұрылымын құруға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер

011 Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен

015 Жергілікті бюджет қаражаты есебінен»;

721 «Облыстың білім, жастар саясаты және тілдерді дамыту басқармасы» бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бойынша:

мынадай мазмұндағы 011 және 015 кіші бағдарламалары бар 014 бюджеттік бағдарламамен толықтырылсын:

«014 Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне цифрлық білім беру инфрақұрылымын құруға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер

011 Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен

015 Жергілікті бюджет қаражаты есебінен»;

6 «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейін білім беру» функционалдық кіші тобында:

225 «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі» бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бойынша:

мынадай мазмұндағы 032 бюджеттік кіші бағдарламасы бар 225 бюджеттік бағдарламамен толықтырылсын:

«225 «Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының жарғылық капиталын ұлғайту

032 Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан бөлінетін нысаналы трансферт есебінен»;

239 «Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі» бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бойынша:

006 «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандарды даярлау және білім алушыларға әлеуметтік қолдау көрсету» бюджеттік бағдарлама бойынша:

мынадай мазмұндағы 101 және 111 бюджеттік кіші бағдарламалармен толықтырылсын:

«101 Жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандар даярлау және білім алушыларға әлеуметтік қолдау көрсету жөніндегі қызметтер

111 Қазақстан Республикасы Ұлттық қорынан бөлінетін нысаналы трансферті есебінен денсаулық сақтау жүйесінде білім беру ұйымдарының күрделі шығыстары»;

9 «Білім беру саласындағы өзге де қызметтер» функционалдық кіші тобында:

212 «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі» бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бойынша:

мынадай мазмұндағы 032 бюджеттік кіші бағдарламасы бар 263 бюджеттік бағдарламамен толықтырылсын:

«263 Қазақстан Республикасын Индустриялық-инновациялық дамытудың 2015-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының» шеңберінде зертханалар құру үшін «Ұлттық аграрлық ғылыми-білім беру орталығы» КЕАҚ жарғылық капиталын ұлғайту

032 Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан бөлінетін нысаналы трансферт есебінен»;

225 «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі» бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бойынша:

001 «Білім және ғылым саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру» бюджеттік бағдарлама бойынша:

мынадай мазмұндағы 103 бюджеттік кіші бағдарламамен толықтырылсын:

«103 Социологиялық, талдамалық зерттеулер жүргізу және консалтингтік қызметтер көрсету»;

360 «Республикалық маңызы бар қаланың, астананың білім басқармасы» бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бойынша:

067 «Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары» бюджеттік бағдарлама бойынша:

мынадай мазмұндағы 011 және 015 бюджеттік кіші бағдарламалармен толықтырылсын:

«011 Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен

015 Жергілікті бюджет қаражаты есебінен»;

07 «Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық» функционалдық тобында:

1 «Тұрғын үй шаруашылығы» функционалдық кіші тобында:

351 «Республикалық маңызы бар қаланың, астананың жер қатынастары басқармасы» бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бойынша:

010 «Мемлекеттік қажеттіліктер үшін жер учаскелерін алып қою, оның ішінде сатып алу жолымен алып қою және осыған байланысты жылжымайтын мүлкті иеліктен айыру» бюджеттік бағдарлама бойынша:

мынадай мазмұндағы 011 және 015 бюджеттік кіші бағдарламалармен толықтырылсын:

«011 Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен

015 Жергілікті бюджет қаражаты есебінен»;

10 «Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары» функционалдық тобында:

1 «Ауыл шаруашылығы» функционалдық кіші тобында:

212 «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі» бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бойынша:

249 «Мал шаруашылығын дамыту үшін және мал шаруашылығы өнімін өндіруге, қайта өңдеуге, өткізуге жағдай жасау» бюджеттік бағдарлама бойынша:

мынадай мазмұндағы 106 бюджеттік кіші бағдарламамен толықтырылсын:

«106 Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне мал шаруашылығы өнімдерінің өнімділігін және сапасын арттыруды, асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды субсидиялауға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер»;

250 «Қаржылық көрсетілетін қызметтердің қолжетімділігін арттыру» бюджеттік бағдарлама бойынша:

106 бюджеттік кіші бағдарламаның атауы мынадай редакцияда жазылсын:

«106 Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне, ауыл шаруашылығы малын, техниканы және технологиялық жабдықты сатып алуға кредит беру, сондай-ақ лизинг кезінде сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау»;

258 «Агроөнеркәсіптік кешенді дамытуды ынталандыру жөніндегі мемлекеттік саясатты іске асыру үшін «ҚазАгро» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ жарғылық капиталын ұлғайту» бюджеттік бағдарлама бойынша:

мынадай мазмұндағы 030 бюджеттік кіші бағдарламамен толықтырылсын:

«030 Республикалық бюджеттің қаражаты есебінен»;

255 «Облыстың ауыл шаруашылығы басқармасы», 349 «Республикалық маңызы бар қаланың, астананың ауыл шаруашылығы және ветеринария басқармасы» және 375 «Республикалық маңызы бар қаланың, астананың ауыл шаруашылығы басқармасы» бюджеттік бағдарламалар әкімшілері бойынша:

053 «Мал шаруашылығы өнімдерінің өнімділігін және сапасын арттыруды, асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды субсидиялау» бюджеттік бағдарлама бойынша:

мынадай мазмұндағы 011 және 015 бюджеттік кіші бағдарламалармен толықтырылсын:

«011 Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен

015 Жергілікті бюджет қаражаты есебінен»;

056 бюджеттік бағдарламаның атауы мынадай редакцияда жазылсын:

«056 Ауыл шаруашылығы малын, техниканы және технологиялық жабдықты сатып алуға кредит беру, сондай-ақ лизинг кезінде сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау»;

2 «Су шаруашылығы» функционалдық кіші тобында:

212 «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі» бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бойынша:

мынадай мазмұндағы 241 бюджеттік бағдарламамен толықтырылсын:

«241 «Қазсушар» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының жарғылық капиталын ұлғайту»;

12 «Көлік және коммуникация» функционалдық тобында:

4 «Әуе көлігі» функционалдық кіші тобында:

242 «Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі» бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бойынша:

093 «Азаматтық авиацияны және әуе көлігін дамыту» бюджеттік бағдарлама бойынша:

мынадай мазмұндағы 104 бюджеттік кіші бағдарламамен толықтырылсын:

«104 Шығыс Қазақстан облысының бюджетіне әуе көлігінің инфрақұрылымын дамуына арналған нысаналы даму трансферттері»;

мынадай мазмұндағы 221 бюджеттік бағдарламамен толықтырылсын:

«221 Тексеру жүйесі бойынша жабдықты сатып алу үшін Қазақстан Республикасы әуежайларының жарғылық капиталын ұлғайту»;

268 «Облыстың жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы» бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бойынша:

мынадай мазмұндағы 011 және 015 кіші бағдарламалары бар 029 бюджеттік бағдарламамен толықтырылсын:

«029 Шығыс Қазақстан облысы Семей қаласының бюджетіне әуе көлігінің инфрақұрылымын дамуына арналған нысаналы даму трансферттері

011 Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен

015 Жергілікті бюджет қаражаты есебінен»;

495 «Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс, сәулет, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бойынша:

мынадай мазмұндағы 011 және 015 кіші бағдарламалары бар 051 бюджеттік бағдарламамен толықтырылсын:

«051 Әуе көлігінің инфрақұрылымын дамуы

011 Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен

015 Жергілікті бюджет қаражаты есебінен»;

5 «Темір жол көлігі» функционалдық кіші тобында:

242 «Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі» бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бойынша:

мынадай мазмұндағы 212 бюджеттік бағдарламамен толықтырылсын:

«212 Әлеуметтік маңызды қатынастар бойынша жолаушылар тасымалдауының және вагондар (контейнерлер) операторының вагондарды сатып алуын несиелеуде немесе қаржы лизингінде сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау»;

мынадай мазмұндағы 100 және 101 кіші бағдарламалары бар 213 бюджеттік бағдарламамен толықтырылсын:

«213 Қалалық рельстік көліктің дамуын қамтамасыз ету

100 Алматы қаласының бюджетіне метрополитен салуға берілетін нысаналы даму трансферттері

101 Алматы қаласының бюджетіне жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер»;

мынадай мазмұндағы 219 бюджеттік бағдарламамен толықтырылсын:

«219 «ҚДБ-лизинг» АҚ арқылы жолаушылар вагон паркін жаңартуын қаржыландыру үшін кейіннен «Қазақстан Даму Банкі» АҚ-ның кредиттеу «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ кредиттеу»;

9 «Көлік және коммуникациялар саласындағы өзге де қызметтер» функционалдық кіші тобында:

242 «Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі» бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бойынша:

мынадай мазмұндағы 016 бюджеттік бағдарламамен толықтырылсын:

«016 Астана қаласының бюджетіне «Жаңа көлік жүйесі» жобасын іске асыру үшін заңды тұлғалардың жарғылық капиталын ұлғайтуға берілетін нысаналы даму трансферттері»;

245 «Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі» бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бойынша:

001 «Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат саласында мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру» бюджеттік бағдарлама бойынша:

100 бюджеттік кіші бағдарламасының атауы мынадай редакцияда жазылсын:

«100 Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат саласында уәкілетті органның қызметін қамтамасыз ету»;

384 «Республикалық маңызы бар қаланың, астананың жолаушылар көлігі басқармасы» бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бойынша:

015 «Астана қаласының «Жаңа көлік жүйесі» жобасын іске асыру үшін заңды тұлғалардың жарғылық капиталын ұлғайту» бюджеттік бағдарлама бойынша:

мынадай мазмұндағы 011 және 015 бюджеттік кіші бағдарламалармен толықтырылсын:

«011 Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен

015 Жергілікті бюджет қаражаты есебінен»;

13 «Басқалар» функционалдық тобында:

3 «Кәсіпкерлік қызметті қолдау және бәсекелестікті қорғау» функционалдық кіші тобында:

242 «Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі» бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бойынша:

мынадай мазмұндағы 214 бюджеттік бағдарламамен толықтырылсын:

«214 Отандық экспорттаушыларды қолдау үшін «ҚазЭкспортГарант» экспорттық-кредиттік сақтандыру корпорациясы» АҚ жарғылық капиталын кейіннен ұлғайта отырып, «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ жарғылық капиталын ұлғайту»;

мынадай мазмұндағы 220 бюджеттік бағдарламамен толықтырылсын:

«220 Ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігі мен орнықтылығын қамтамасыз ету үшін «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ қредиттеу»;

9 «Басқалар» функционалдық кіші тобында:

242 «Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі» бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бойынша:

мынадай мазмұндағы 217 бюджеттік бағдарламамен толықтырылсын:

«217 Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың 2015 - 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының жобаларын қаржыландыру үшін «Қазақстан Даму Банкі» АҚ кейіннен кредит беру жолымен, «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ арқылы кредит беру».

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бюджет заңнамасы департаменті (З.А. Ерназарова) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он күнтізбелік күн ішінде оның мерзімді баспасөз басылымдарында және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберілуін;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркелгеннен кейін он күнтізбелік күн ішінде Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне орналастыру үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

4) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасы Қаржы министрі**
**Б.СҰЛТАНОВ**

***Бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылғы 11 қазанда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне №14320 болып енгізілді.***

---

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІНІҢ БҰЙРЫҒЫ

2016 жылғы 24 қазан №560 Астана қаласы

## «Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасының кейбір мәселелері» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 18 қыркүйектегі № 403 бұйрығына толықтырулар енгізу туралы

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасының кейбір мәселелері» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 18 қыркүйектегі № 403 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9756 болып тіркелген, «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2014 жылғы 17 қазанда жарияланған) мынадай толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасында:

бюджет шығыстарының функционалдық сыныптамасында:

01 «Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер» функционалдық тобында:

6 «Жалпы кадрлық мәселелер» функционалдық кіші тобында:

мынадай мазмұндағы 006 және 018 бюджеттік кіші бағдарламаларымен 008 бюджеттік бағдарламасы бар 623-бюджеттік бағдарламалар әкімшісімен толықтырылсын:

«623 Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі

008 Мемлекеттік қызмет саласындағы өңірлік хабты институционалдық қолдау және қызметтік этика, меритократияны қорғау және сыбайлас жемқорлықтың алдын алу саласында мемлекеттік қызмет реформасын қолдау

006 Республикалық бюджеттен грантты бірлесіп қаржыландыру есебінен

018 Грант есебінен»;

мынадай мазмұндағы 012 бюджеттік бағдарламамен толықтырылсын:

«012 Республиканың мемлекеттік қызмет кадрларын тестілеу жөніндегі қызметтер»;

9 «Жалпы сипаттағы өзге де мемлекеттік қызметтер» функционалдық кіші тобында:

мынадай мазмұндағы 100, 101, 103, 104, 105 және 111 бюджеттік кіші бағдарламаларымен 001 бюджеттік бағдарламасы бар 623-бюджеттік бағдарламалар әкімшісімен толықтырылсын:

«623 Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі

001 Мемлекеттік қызмет саласындағы бірыңғай мемлекеттік саясатты қалыптастыру мен іске асыру

100 Мемлекеттік қызмет саласындағы бірыңғай мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру жөніндегі уәкілетті органның қызметін қамтамасыз ету

101 Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасына қоғамдық мониторинг жүргізу бойынша мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты қалыптастыру және іске асыру

103 Социологиялық, талдамалық зерттеулер жүргізу және консалтингтік қызметтер көрсету

104 Ақпараттық жүйелердің жұмыс істеуін қамтамасыз ету және мемлекеттік органды ақпараттық-техникалық қамтамасыз ету

105 Ғылыми зерттеулер жүргізу және ғылыми-қолданбалы әдістемелер әзірлеу

111 Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің күрделі шығыстары»;

мынадай мазмұндағы 100, 101, 102, 105, 109, 114, 116 және 119 бюджеттік бағдарламалармен толықтырылсын:

«100 Қазақстан Республикасы Үкіметінің төтенше резерві есебінен іс-шаралар өткізу

101 Өкілдік шығындарға арналған қаражат есебінен іс-шаралар өткізу

102 Қазақстан Республикасы Үкіметінің төтенше резерві есебінен іс-шаралар өткізуге арналған мемлекеттік басқарудың басқа деңгейлеріне берілетін трансферттер

105 Бюджеттік инвестициялық жобалардың техникалық-экономикалық негіздемелерін және мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалардың, оның ішінде концессиялық жобалардың конкурстық құжаттамаларын әзірлеу немесе түзету, сондай-ақ қажетті сараптамаларын жүргізу, мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларды, оның ішінде концессиялық жобаларды консультациялық сүйемелдеу

109 Қазақстан Республикасы Үкіметінің шұғыл шығындарға арналған резерві есебінен іс-шаралар өткізу

114 Қазақстан Республикасы Үкіметі резервінің қаражаты есебінен соттардың шешімдері бойынша орталық мемлекеттік органдардың міндеттемелерін орындау

116 Қазақстан Республикасы Үкіметінің шұғыл шығындарға арналған резерві есебінен іс-шаралар өткізуге арналған мемлекеттік басқарудың басқа деңгейлеріне берілетін трансферттер

119 Қазақстан Республикасы Үкіметінің арнайы резерві есебінен іс-шаралар өткізу»;

03 «Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі» функционалдық тобында:

1 «Құқық қорғау қызметі» функционалдық кіші тобында:

мынадай мазмұндағы 100, 101, 102, 104 және 111 бюджеттік кіші бағдарламаларымен 014 бюджеттік бағдарламасы бар 623-бюджеттік бағдарламалар әкімшісімен толықтырылсын:

«623 Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі

014 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі бірыңғай мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру

100 Сыбайлас жемқорлық қылмыстары және құқық бұзушылықтар бойынша қылмыстық процеске қатысатын адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауды қамтамасыз ету

101 Сыбайлас жемқорлық қылмыстарға және құқық бұзушылықтарға қарсы іс-қимыл бойынша жедел-іздестіру қызметі

102 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы құқық бұзушылықтардың алдын алу, анықтау, жолын кесу, ашу және тергеу жөніндегі уәкілетті органның қызметін қамтамасыз ету

104 Ақпараттық жүйелердің жұмыс істеуін қамтамасыз ету және мемлекеттік органды ақпараттық-техникалық қамтамасыз ету

111 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл ұлттық біротесінің күрделі шығыстары»;

04 «Білім беру» функционалдық тобында:

5 «Мамандарды қайта даярлау және біліктіліктерін арттыру» функционалдық кіші тобында:

мынадай мазмұндағы 002 бюджеттік бағдарламасы бар 623-бюджеттік бағдарламалар әкімшісімен толықтырылсын:

«623 Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі

002 Мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыру»;

мынадай мазмұндағы 100 және 101 бюджеттік кіші бағдарламалары бар 013 бюджеттік бағдарламамен толықтырылсын:

«013 Мемлекеттік қызметшілерді даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру бойынша көрсетілетін қызметтер

100 Шетелдік оқытушыларды тарта отырып, мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыру

101 Мемлекеттік қызметшілерді даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру»;

мынадай мазмұндағы 138 бюджеттік бағдарламамен толықтырылсын:

«138 Мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыруын қамтамасыз ету»;

13 «Басқалар» функционалдық тобында:

9 «Басқалар» функционалдық кіші тобында:

мынадай мазмұндағы 120 бюджеттік бағдарламасы бар 623-бюджеттік бағдарламалар әкімшісімен толықтырылсын:

«623 Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі

120 Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалар бойынша мемлекеттік міндеттемелерді орындау».

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бюджет заңнамасы департаменті (З.А. Ерназарова) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он күнтізбелік күн ішінде оның мерзімді баспасөз басылымдарында және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберілуін;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркелгеннен кейін он күнтізбелік күн ішінде Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне орналастыру үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

4) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасы Қаржы министрі**
**Б.СҰЛТАНОВ**

***Бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылғы 25 қазанда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне №14364 болып енгізілді.***

---

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІНІҢ БҰЙРЫҒЫ

2016 жылғы 24 қазан №562 Астана қаласы

## «Мемлекеттік органдарды қызметтік және кезекші автомобильдермен, телефон байланысымен, кеңсе жиһазымен және мемлекеттік органдардың аппаратын орналастыру үшін алаңдармен қамтамасыз етудің заттай нормаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 17 наурыздағы №179 бүйрығына өзгерістер енгізу туралы

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Мемлекеттік органдарды қызметтік және кезекші автомобильдермен, телефон байланысымен, кеңсе жиһазымен және мемлекеттік органдардың аппаратын орналастыру үшін алаңдармен қамтамасыз етудің заттай нормаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 17 наурыздағы № 179 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тізілімінде № 10762 болып тіркелген, «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 30 сәуірде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрыққа «Мемлекеттік органдарды кеңсе жиһазымен қамтамасыз етудің заттай нормалары*» деген 3-қосымшада:

ескертпе ** мынадай редакцияда жазылсын:

«** заттай нормалар, сондай-ақ:

Жоғары Сот алқасының төрағасына, Жоғарғы Соттың судьяларына, Конституциялық Кеңестің, Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің мүшелеріне, Орталық сайлау комиссиясының хатшысы мен мүшелеріне, Жоғары Сот Кеңесінің мүшелеріне (лауазымы бойынша Кеңес мүшелерін қоспағанда), Конституциялық кеңес аппаратының, Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің, Жоғарғы Соттың, Жоғары Сот Кеңесінің, Бас прокуратураның, Президенттің Іс басқармасының басшыларына қолданылады;»;

көрсетілген бұйрыққа «Мемлекеттік органдардың аппаратын орналастыру үшін аландармен қамтамасыз етудің заттай нормалары» деген 4-қосымшада:

ескертпе ** мынадай редакцияда жазылсын:

** заттай нормалар сондай-ақ:

Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің, Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің мүшелеріне, Жоғарғы Соттың судьяларына, Орталық сайлау

(Жалғасы. Басы 22-бетте)

3.1 Жалға алу немесе өтеусіз пайдалану шартының көшірмесі:
шарттың (шарттардың) нөмірі мен күні көрсетіңіз _____.
3.2 Қойма үй-жайдағы сумен жабдықтау, электр қуатымен жабдықтау, кәріз:
мыналарды көрсетіңіз:
1) стационарлық үй-жайларды сумен жабдықтау, электр қуатымен жабдықтау және кәрізбен қамтамасыз ету жөніндегі шарттың (шарттардың) атауы
_____;
2) шарттың (шарттардың) нөмірі мен күні _____.
3.3 Мәлімделген қойма үй-жайда алкоголь өнімін сақтау және көтерме саудада сату жөніндегі қызметті жүзеге асыратын екі немесе одан көп лицензиаттың бар немесе жоқ болуы туралы мәліметтер:
қойма үй-жайында екі немесе одан көп лицензиаттың бар немесе жоқ болуын көрсетіңіз __
_____.
3.4 Өлшемдердің бірыңғайлығын мемлекеттік қамтамасыз ету жүйесінің талаптарына сәйкес тексерілген температуралық ылғалдық режимі бойынша алкоголь өнімін сақтау шарттарын бақылауға мүмкіндік беретін аспаптар:
мыналарды көрсетіңіз:
1) аспаптарды сатып алуды растайтын құжаттың (құжаттардың) нөмірі және күні
_____;
2) аспаптарды тексеруді жүзеге асыратын ұйымның атауы _____;
3) соңғы және кейінгі тексерудің күні _____.

4. Алкоголь өнімі өндірілетін аумақта оны сақтау және көтерме саудада сату жөніндегі қызметті қоспағанда, алкоголь өнімін сақтау және бөлшек саудада сату саласындағы қызметтің түрі үшін:
4.1 Стационарлық үй-жайдағы сумен жабдықтау, электр қуатымен жабдықтау, кәріз:
мыналарды көрсетіңіз:
1) стационарлық үй-жайларды сумен жабдықтау, электр қуатымен жабдықтау кәрізбен қамтамасыз ету жөніндегі шарттың (шарттардың) атауы _____;
2) шарттың (шарттардың) нөмірі мен күні _____.
4.2 Бақылау-кассалық машина:
бақылау-кассалық машинаны тіркеуді растайтын құжаттың нөмірі мен күнін көрсетіңіз
_____.
4.3 Өлшемдердің бірыңғайлығын мемлекеттік қамтамасыз ету жүйесінің талаптарына сәйкес тексерілген температуралық ылғалдық режимі бойынша алкоголь өнімін сақтау шарттарын бақылауға мүмкіндік беретін аспаптар:
мыналарды көрсетіңіз:
1) аспаптарды сатып алуды растайтын құжаттың (құжаттардың) нөмірі мен күні
_____;
2) аспаптарды тексеруді жүзеге асыратын ұйымның атауы _____;
3) соңғы және кейінгі тексерудің күні _____.

*«Этил спиртінің өндірісіне лицензия беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 4-қосымша*

Заңды тұлғаның лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеуге өтініші

Кімге _____
(лицензиардың толық атауы)
кімнен _____
(заңды тұлғаның толық атауы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі)
_____
(қызметтің түрі және (немесе) кіші түрі (-лері) көрсетілсін)
жүзеге асыруға лицензия және (немесе) лицензияға қосымшаны қағаз жеткізіліте _____ (лицензияны қағаз жеткізіліте алу қажет болған жағдайда, Х белгісін қою керек) беруді сұраймын.
Заңды тұлғаның мекенжайы _____
(почта индексі, облыс, қала, аудан, елді мекен, көшенің атауы, үйдің/ғимараттың нөмірі)
Электрондық почтасы _____
Телефоны _____
Факс _____
Банктік шоты_____
(шот нөмірі, банктің атауы және орналасқан жері)
Қызметті жүзеге асыру мекенжайы (лары) _____
(почта индексі, облыс, қала, аудан, елді мекен, көшенің атауы, үйдің/ғимараттың нөмірі)
Қоса берілген құжаттар_____ парақ.
Осы арқылы:
көрсетілген деректердің бәрі ресми байланыстар болып табылатыны және лицензия және (немесе) лицензияға қосымшаны беру немесе беруден бас тарту мәселелері бойынша оларға кез келген ақпаратты жіберуге болатыны;
өтініш берушіге соттың лицензияланатын қызмет түрімен және (немесе) кіші түрімен айналысуға тыйым салмағаны;
қоса беріліп отырған құжаттардың бәрі шындыққа сәйкес келетіні және жарамды болып табылатыны расталады.

Басшы _____ _____
(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

М.О. Толтырылған күні: 20__ жылғы «___» _____

*«Этил спиртінің өндірісіне лицензия беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 5-қосымша*

Жеке тұлғаның лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеуге өтініші
Кімге _____
(лицензиардың толық атауы)
кімнен _____
(жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), жеке сәйкестендіру нөмірі)
_____
(қызметтің түрі және (немесе) кіші түрі (-лері) көрсетілсін)
жүзеге асыруға лицензия және (немесе) лицензияға қосымшаны қағаз жеткізіліте _____ (лицензияны қағаз жеткізіліте алу қажет болған жағдайда, Х белгісін қою керек) беруді сұраймын.

Жеке тұлғаның тұрғылықты жерінің мекенжайы _____
(почта индексі, облыс, қала, аудан, елді мекен, көшенің аты, үйдің/ғимараттың нөмірі)
Электрондық почтасы _____
Телефоны _____
Факс _____
Банктік шоты_____
(шот нөмірі, банктің атауы және орналасқан жері)
Қызметті жүзеге асыру мекенжайы (лары) _____
(почта индексі, облыс, қала, аудан, елді мекен, көшенің атауы, үйдің/ғимараттың нөмірі)
Қоса берілген құжаттар_____ парақ.
Осы арқылы:
көрсетілген деректердің бәрі ресми байланыстар болып табылатыны және лицензия және (немесе) лицензияға қосымшаны беру немесе беруден бас тарту мәселелері бойынша оларға кез келген ақпаратты жіберуге болатыны;
өтініш берушіге соттың лицензияланатын қызмет түрімен және (немесе) кіші түрімен айналысуға тыйым салмағаны;
қоса беріліп отырған құжаттардың бәрі шындыққа сәйкес келетіні және жарамды болып табылатыны расталады.

Жеке тұлға _____ _____
(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

М.О. Толтырылған күні: 20__ жылғы «___» _____

*«Этил спиртінің өндірісіне лицензия беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 6-қосымша*

(Тегі, аты, болса әкесінің аты (бұдан әрі – аты-жөні) немесе көрсетілетін қызметті алушы ұйымның атауы)
_____
(көрсетілетін қызметті алушының мекенжайы)

Құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат

«Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы 20-бабының 2) тармағын басшылыққа ала отырып, «Халыққа қызмет көрсету орталығы» РМК филиалының №__ бөлімі (мекенжайын көрсету) құжаттарды қабылдаудан Сіздің «Темекі өнімдерінің өндірісіне лицензия беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың толық топтамасын ұсынбауыңызға байланысты, мемлекеттік қызметін көрсетуге құжаттарды қабылдаудан бас тартады, атап айтқанда:
жоқ құжаттардың атауы:
4) _____;
5) _____;
6) ....

Осы қолхат әр тарапқа бір-бірден екі данада жасалды.

(ХҚКО қызметкерінің) аты-жөні (қолы)

Орындаушы. аты-жөні
Телефон.
Алдым: аты-жөні / көрсетілетін қызметті алушының қолы

20__ ж. «___» _____

*Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 27 сәуірдегі №284 бұйрығына 12-қосымша*

**«Алкоголь өнімін өндіруге лицензия беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты**

**1. Жалпы ережелер**

1. «Алкоголь өнімін өндіруге лицензия беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі - мемлекеттік көрсетілетін қызмет).
2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі (бұдан әрі - Министрлік) әзірледі.
3. Мемлекеттік қызметті Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.
Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру:
1) көрсетілетін қызметті беруші;
2) Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің «Халыққа қызмет көрсету орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі - ХҚКО) арқылы;
3) «электрондық үкімет» веб-порталы www.egov.kz (бұдан әрі - портал) арқылы жүзеге асырылады.

**2. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі**

4. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімдері:
1) құжаттар топтамасын көрсетілетін қызметті берушіге, ХҚКО-на тапсырған сәттен бастап, сондай-ақ портал арқылы жүгінгенде:
лицензия беру, не осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 10 – тармағында көзделген жағдайларда және негіздемелер бойынша лицензияны беруден бас тарту себебі туралы уәжделген жауабы – 15 (он бес) жұмыс күнінен кешіктірмей;
лицензияны қайта ресімдеу - 3 (үш) жұмыс күні ішінде;
лицензияның телнұсқасын беру – 2 (екі) жұмыс күні ішінде;
Көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушының құжаттарын алған кезден бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексеруге міндетті.
Көрсетілетін қызметті беруші құжаттардың толық емес топтамасын анықтаған жағдайда көрсетілген мерзімде өтінішті одан әрі қараудан уәжді түрде бас тартады.
2) көрсетілетін қызметті алушының құжаттар топтамасын тапсыруы үшін күтудің рұқсат берілетін уақыты – көрсетілетін қызметті берушіге 20 (жиырма) минут, ХҚКО-на - 15 (он бес) минут;
3) көрсетілетін қызметті алушыға көрсетілетін қызметті берушінің көрсетуінің рұқсат берілетін уақыты – 20 (жиырма) минут, ХҚКО-на - 15 (он бес) минут.
5. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: электрондық (ішінара автоматтандырылған) және (немесе) қағаз түрінде.
6. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі лицензия, қайта ресімделген лицензия, лицензияның телнұсқасы, осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 10 – тармағында көзделген жағдайларда және негіздемелер бойынша көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) куәландырылған мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы электрондық құжат нысанындағы уәжделген жауабы болып табылады.
Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру нысаны: электрондық және (немесе) қағаз түрінде.
Портал арқылы жүгінген кезде мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті берушінің лауазымды адамының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанында көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетіне» жіберіледі.
Көрсетілетін қызметті алушының көрсетілетін қызметті берушіге немесе ХҚКО жүгінген кезде мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі электрондық форматта ресімделіп, басып шығарылады және көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының мөрімен және қолымен куәландырылады.
7. Мемлекеттік қызмет ақылы негізде және тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) көрсетіледі.
«Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Кодексіне сәйкес жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алым мөлшерлемелері (бұдан әрі - лицензиялық алым) республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және алымды төлеу күні қолданыста болған айлық есептік көрсеткіш (бұдан әрі – АЕК) мөлшері негізге алына отырып белгіленеді және мыналарды құрайды:
1) лицензияны беру кезінде:
мыналарға:
сырадан басқа алкоголь өнімін өндіруге - 3000 АЕК;
сыраны өндіруге - 2000 АЕК;
2) лицензияны қайта ресімдеу кезінде - лицензияны беру кезіндегі мөлшерлемеңің 10%-ын құрайды, алайда 4 АЕК-тен артық емес;
3) лицензияның телнұсқасын беру кезінде - лицензияны беру кезіндегі мөлшерлемеңің 100%-ын құрайды.
Лицензиялық алымды төлеу екінші деңгейдегі банктер және банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы қолма–қол ақшалай және қолма-қол ақшасыз нысанда жүзеге асырылады.
Портал арқылы сұрау берілген жағдайда, төлем «электрондық үкіметтің» төлем шлюзі (бұдан әрі – ЭҮТШ) арқылы жүзеге асырылады.
8. Жұмыс кестесі:
1) көрсетілетін қызметті беруші – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұмаңы қоса алғанда, 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзілісті ескере отырып сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін.
Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзілісті ескере отырып сағат 9.00-ден 17.30-ға дейін.
Мемлекеттік көрсетілетін қызмет кезекпен көрсетіледі, алдын ала жазылу талап етілмейді, жеделдетілген қызмет көрсету көзделмеген;
2) ХҚКО – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жексенбі және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап сенбіні қоса алғанда, белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес түскі үзіліссіз сағат 9.00-ден 20.00-ге дейін.
Қабылдау «электрондық» кезек тәртібімен көрсетілетін қызметті алушының тіркеу орны бойынша жүргізіледі, жеделдетілген қызмет көрсету көзделмеген, портал арқылы электрондық кезекті «брондауға» болады;
3) портал – тәулік бойы, жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда (көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде мемлекеттік қызмет көрсетуге өтініштер мен мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күнінде жүзеге асырылады).
9. Көрсетілетін қызметті алушы жүгінген кезде мемлекеттік қызметі көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі:
көрсетілетін қызметті берушіге:
1) лицензияны алу үшін:
осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1 немесе 2–қосымшаларға сәйкес электрондық құжат нысанындағы өтініш;
ЭҮТШ арқылы төленген жағдайларды қоспағанда, лицензиялық алымның бюджетке төленгенін растайтын құжат;
алкоголь өнімін өндіруші әзірлеген және бекіткен алкоголь өнімінің өндіру паспорты;
арақ пен айрықша арақ және ликер-арақ өндіруге мүмкіндік беретін жабдықтың пайдалану - техникалық сипаттамасын қамтитын жабдықтың паспорттарының көшірмелерін қоса бере отырып, өтініш беруші жүргізетін өндірістік қуат есебі;
ұйымның теңгерімін технологиялық жабдықты қабылдау туралы бухгалтерлік (есептік) құжаттары;
осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 3-қосымшаға сәйкес этил спиртін өндіру жөніндегі қызметке қойылатын біліктілік талаптарына мәліметтер нысандары;
4) лицензияны қайта ресімдеу үшін:
осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 4 немесе 5-қосымшаға сәйкес электрондық құжат нысанындағы өтініш;
ЭҮТШ арқылы төленген жағдайларды қоспағанда, лицензиялық алымның бюджетке төленгенін растайтын құжат;
ақпарат мемлекеттік ақпараттық жүйелерде бар құжаттарды қоспағанда, лицензияны қайта ресімдеу үшін негіз болатын өзгерістер туралы ақпаратты қамтитын құжаттар;
3) лицензия жоғалған, бүлінген жағдайда көрсетілетін қызметті алушы лицензияның телнұсқасын алуға, егер портал арқылы тиісті ақпараттық жүйелерден алу мүмкіндігі болмаған жағдайда ғана мынадай құжаттарды ұсына отырып жүгінеді:
еркін нысандағы өтініш;
жеке басын куәландыратын құжат (көрсетілетін қызметті алушының сәйкестендіру үшін);
ЭҮТШ арқылы төленген жағдайларды қоспағанда, лицензиялық алымның бюджетке төленгенін растайтын құжат;
Құжаттарды қабылдау кезінде ХҚКО құжаттардың электрондық көшірмесін түпнұсқамен салыстырып тексереді, содан кейін осы құжатты көрсетілетін қызметті алушыға қайтарады.
Көрсетілетін қызметті алушы ХҚКО жүгінген жағдайда құжаттардың қабылданғаны туралы белгімен, қабылдау күні және уақыты көрсетілген талон беріледі.
ХҚКО-на:
3) лицензияны алу үшін:
осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1 немесе 2–қосымшаларға сәйкес өтініш;
жеке басын куәландыратын құжат (көрсетілетін қызметті алушының сәйкестендіру үшін);
ЭҮТШ арқылы төленген жағдайларды қоспағанда, лицензиялық алымның бюджетке төленгенін растайтын құжат;
4) лицензияны қайта ресімдеу үшін:
